

## Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық авиатасымалдарын уақытша схема бойынша ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 23 тамыз N 1170. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 316 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.04.2023 № 316 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының халықаралық тасымалдарын одан әрі ұлғайту мақсатында, сондай-ақ халықаралық әуежайлар ашу үшін республиканың қаржы жағдайы қиын екенін ескеріп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Халықаралық авиатасымалдарына әуежайларды уақытша схемамен қосуға рұқсат берудің Ережесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Орал, Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Шымкент, Жамбыл, Павлодар, Петропавл, Семей және Өскемен қалаларының әуежайларында халықаралық авиатасымалдары үшін өткізу пункттерін ашу туралы Көлік және коммуникациялар министрлігінің, мүдделі ведомстволардың ұсынысы қабылдансын.<\*><\*>

**Ескерту. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1996.04.19. N 328 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ сөзбен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1997.04.25. N 660 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ сөзбен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1998.12.07. N 1253 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ сөзбен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.05.04. N 666 қаулысымен .**

3. Уақытша схема рұқсат бойынша халықаралық авиатасымалдарына әуежайларды қосуға рұқсат беру Ережесіне сәйкес облыстардың әкімдері, "Қазақстан әуе жолы" ұлттық авиакомпаниясы өз қаражаттарының есебінен әуежайларды қажетті объектілермен және үй-жайлармен қамтамасыз етсін, қажет болған жағдайда құрылысын салуды және жаңғыртуды жүзеге асырсын, шекаралық, кедендік және санитарлық бақылау пункттерінің қызметкерлері үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдай туғызсын.

4. Орал, Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдері жаңадан

ұйымдастырылған өткізу пункттеріндегі шекара әскерлерінің жеке құрамы үшін тұрғын алаңды тегін бөлсін.<\*><\*>

**Ескерту. 4-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1996.04.19. N 328 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ сөзбен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1997.04.25. N 660 қаулысымен .**

5. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстардың әкімдері уақытша схема бойынша халықаралық авиатасымалдарына қосуға рұқсат берілген әуежайларда шекара, кеден және санитарлық тәртіптердің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. "Қазақстан әуе жолы" ұлттық авиакомпаниясы уақытша схемамен жұмыс істейтін өткізу пункттерін қарап-тексеру мен байланыстың қажетті техникалық құралдарымен тегін қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулымен көрсетілген әуежайларда бақылау-тексеру пункттерін ұйымдастыру үшін:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Кеден комитеті штаттарды жинақтауды жалпы сандарының шегінде жүзеге асырсын.

8. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті:

мемлекеттік шекарадан өткен азаматтар мен тасымалданған жүктер туралы өткізу пункттері қызметтерінің мәліметтерін статистикалық есепке енгізісін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 23 тамыздағы  
N 1170 қаулысымен  
бекітілген

**Уақытша схема бойынша халықаралық авиатасымалдарға  
әуежайларды қосуға рұқсат берудің  
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Кедендік тексерудің "ұшу", "қону" бөлек залдарының болуы.
2. Т-6 нысанындағы жолаушы декларациясын ресімдеуге арналған үй-жайлардың болуы.
3. Кедендік тексеру залында кемінде үш тексеру тақтасының, соның ішінде әуежайларды тексерудің арнайы техникалық құралдарының болуы.

4. Авиажолаушыларды тіркеу және қажетті құжаттарды ресімдеуді жүргізу үшін халықаралық сектордың болуы. Жеке халықаралық сектор болмаса-халықаралық рейстердің жолаушыларын ресімдеу кезеңінде көпшілік залды жабу.

5. Халықаралық авиарейстердің транзиттік жолаушыларын орналастыру үшін үй-жайдың болуы.

6. Жүк пен қол жүгін тексеру үшін интроскоптың болуы.

7. Халықаралық байланыстың болуы.

8. Өрттен сақтану және күзет сигнализациясы бар қойма үй-жайларының болуы.

9. Әуежай қызметтерінің шекара және кеден қызметтерімен өзара іс-қимыл жасауының технологиялық схемалары.

10. Төлқұжатты тексеру желісінің кемінде екі кабинамен (жарықпен, турникеттермен және т.с.с.) жабдықталуы. Құжаттарды алдын ала тексеру және зерттеуді жүргізу үшін төлқұжатты тексеру кабиналарының жанынан екі жеке бөлме бөлу. Өзара іс-қимыл жасайтын қызметтердің бақылау желісін жабдықтау. Кету құжаттарын ресімдеу кезінде төлқұжаттарды тексеру желісіне дейін жолаушылар мен жүктерді бөлу және келген кезде жүктерді төлқұжат тексеру желісінен кейін алу.

11. Ресімделген жолаушылардың бөгде адамдармен араласуына және байланысуына жол бермейтін жеке жинақтауыш бөлу.

12. Шетелге ұшатын кемелері үшін аялдама орындарын бөлу, оларды жарықтандыру, бигульдермен қоршау. Жолаушылардың жинақтауыштан әуе кемесіне және кері жеткізілуін қамтамасыз ету.

13. Ауысымның демалысы және кідірілген авиажолаушыларды ұстау үшін санитарлық-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етіп, қызметтік үй-жайлар бөлу

14. Металл іздейтін, радиоактивтік, есірткі, жарылған заттарды тауып көрсететін аппаратурамен арнайы қарап-тексеру желісін жабдықтау, мүмкіндік болса-оларды халықаралық тасымалдар үшін пайдалану шарттарын айқындау.

15. Транзиттік жолаушыларды орналастыру үшін үй-жай бөлу.

16. Әуежайға дейінгі және қайту жолын қоса Шекара әскерлері бөлімшелерін ұстау жөніндегі шығыстардың орны жабылатындығына кепілдік.

Аталған талаптарды орындау кезінде "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы облыстардың әкімдерімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындаған тұрақты жұмыс істейтін жұмыс тобын жіберуді ұсынып, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне өтініш береді.

Жұмыс тобы әуежай қызметтері мен екі ведомствоның халықаралық тасымалдарды орындауға дайындығын тексереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ